Әділет

# Қазақстан Республикасының Су кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2003 жылғы 8 қазандағы N 245-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Су кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар Тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының Су кодексін іске асыру жөнінде ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдер қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 8 қазандағы
N 245 өкімімен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Су кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2004.01.12. N 3 , 2004.10.20. N 309 өкімдерімен.

| Р/с N | Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімінің атауы | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасы Президентінің "Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы ғимараттарының тізбесін | 2004 ж. қыркүйек | АШМ, ЭМРМ, ҚОҚМ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы | | |
| 2 | Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесін және шаруашылық қызметті реттеудің құқықтық режимі ерекшеліктерін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ҚОҚМ |
| 3 | Республикалық меншіктегі су шаруашылығы объектілерінің тізбесін бекіту туралы | 2004 ж. қараша | АШМ, ЭМРМ |
| 4 | Республика және аумақ экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы ғимараттарын уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ҚарМ |
| 5 | Су объектілерінің суға есеп жүргізудің және оларды пайдаланудың мемлекеттік мониторингін жүргізу ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ҚОҚМ, ЭМРМ |
| 6 | Мемлекеттік су кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ҚОҚМ, ЭМРМ |
| 7 | Баламасыз сумен жабдықтау көзі болып табылатын ерекше маңызды топтық сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ЭМРМ, ҚОҚМ |
| 8 | Республикалық меншіктегі баламасыз ауыз су көзі болып табылатын ерекше маңызды топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз суды беретін қызмет құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ҚарМ |
| 9 | Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша қызметтер көрсету құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ҚМ |
| 10 | Суды қорғау аймақтары мен телімдерін белгілеу ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ҚОҚМ, ДСМ |
| 11 | Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік сызбасын | 2003 ж. қараша | АШМ, ЭМРМ, ДСМ, ҚОҚМ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | және негізгі өзендер бассейндері және тұтастай республика бойынша су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу мен бекіту ережесін бекіту туралы | | |
| 12 | Су шаруашылығы ғимараттарын жалға және сенімді басқаруға беру ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ҚарМ |
| 13 | Су ахуалына ықпалын тигізетін кәсіпорындарды және басқа да ғимараттарды келісу, орналастыру және пайдалануға беру ережесін, сонымен қатар су объектілерінде суды қорғау аймақтары мен телімдерінде құрылыс жүргізу мен басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ҚОҚМ, ЭМРМ, ДСМ, ИСМ |
| 14 | Республиканың облыстары арасындағы су қатынастарын реттеу ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ЭМРМ, облыс әкімдері |
| 15 | Су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ДСМ, ҚОҚМ, ЭМРМ |
| 16 | Жер қойнауының тәулігіне елу текше метрден екі мың текше метрге алу лимитімен шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық жер асты сулары бөлігінен пайдалануға рұқсат беру ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ЭМРМ, ҚОҚМ, ДСМ |
| 17 | Арнайы су пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ДСМ, ЭМРМ |
| 18 | Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық және метрологиялық қамтамасыз етуді әзірлеу, келісу және талаптарды бекіту ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ДСМ, ҚОҚМ, ИСМ |
| 19 | Су объектілеріне залалды ықпалын тигізетін шектеулі рұқсат етілетін | 2003 ж. қараша | ҚОҚМ, АШМ, ДСМ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | нормативтерді әзірлеу мен бекіту ережесін бекіту туралы | | |
| 20 | Республикалық маңызы бар сауықтырғыш су объектілері тізбесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ДСМ, ҚОҚМ, ЭМРМ |
| 21 | Әуе кемелері ұшу (қону) үшін пайдаланылатын су объектілерінің тізбесін бекіту туралы | 2004 ж. желтоқсан | ККМ, АШМ |
| 22 | Су объектілерін кеме қатынасы сипатына жатқызу ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ККМ, ҚОҚМ |
| 23 | Кеме қатынасы үшін ашық кеме қатынасы су жолдары тізбесін пайдалану бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ККМ, ДСМ |
| 24 | Жергілікті атқарушы органдармен су объектілерін бірлесіп бөлекше пайдалануға беру ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ДСМ, облыс әкімдері |
| 25 | Қазақстан Республикасының теңіз суларының жағалау сызықтарын белгілеу ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ККМ |
| 26 | Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көзіне жатқызу ережесін бекіту туралы | 2003 ж. қараша | АШМ, ДСМ, ҚОҚМ, ЭМРМ |
| 27 | Кеме жүретін су жолдарын пайдалану ережесін бекіту туралы | 2004 ж. желтоқсан | ККМ, АШМ, ДСМ |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК